



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 23 тамыз

Еркін өзгермелі айырбастау бағамы сыртқы күйзелістерді сіңіріп, экономикада теңгерімсіздіктің жинақталмауына мүмкіндік береді

Бүгін Ұлттық Банкте «Қазақстанның ақша-кредит саясаты» деген тақырыпта дөңгелек үстел болып өтті, оған Ұлттық Банк бөлімшелерінің басшылары, белгілі экономистер, қаржы талдаушылары мен сарапшылар, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Іс-шара барысында Ұлттық Банктің ақша-кредит саясатын жүргізу жөніндегі үш жылғы жұмысы қорытындыланды, валюта және ақша нарығының, банк секторының және экономиканы кредиттеу мәселелері талқыланды.

Қазақстан Ұлттық Банкі Зерттеулер және статистика департаментінің директоры Виталий Тутушкин қаржы нарығы сарапшыларының алдында сөз сөйлеп, ең алдымен инфляция деңгейінің төмен болуы экономиканың орнықты өсуін және халықтың әл-ауқатын арттыруды қамтамасыз етудің маңызды талабы болып табылатынын айтты. Осыған байланысты инфляцияның тұрақты төмен деңгейін сақтап қалу кез келген елдің орталық банкі тарапынан негізгі үлес болып табылады.

«Инфляция бойынша белгіленген мақсаттарға қол жеткізу үшін Ұлттық Банк ақша-кредит саясатын жүргізіп, 2015 жылдан бері инфляциялық таргеттеу қағидаттарын ұстанып келеді. Инфляциялық таргеттеу режимі инфляция деңгейін ғана емес, оның құбылмалылығы деңгейін де төмендетуді тиімді қамтамасыз ететінін халықаралық тәжірибе көрсетіп отыр, бұл экономиканың жақсы дамуына ықпал етеді», - деп атап өтті В.Тутушкин.

Оның айтуынша, Қазақстан Ұлттық Банкінің ақша-кредит саясатының негізгі құралы базалық мөлшерлеме болып табылады. Базалық мөлшерлеменің деңгейі негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің ағымдағы, нысаналы және болжамды серпініне, экономикадағы және сыртқы нарықтардағы ахуалға байланысты белгіленеді және инфляция бойынша нысаналы бағдарларға қол жеткізуге көмектеседі. Ақша-кредит саясатының ағымдағы режимі экономиканың тұрақты әрі теңгерімді өсуіне ықпал етеді. 2013-2016 жылдардағы дағдарыстан кейінгі экономиканың өсу қарқынының біртіндеп төмендеуінен кейін экономика орнықты өсу аймағына өтуде.

«Ақша нарығында жолға қойылған құралдардың арқасында ақша нарығындағы TONIA мөлшерлемесінің операциялық таргетінің базалық мөлшерлеменің белгіленген дәлізіне ілесуіне қол жеткізілді. Осылайша, валюта және ақша нарықтарын тұрақтандырып, қаржы нарығының болжамдылығын арттыра алдық. Ұлттық Банктің күш-жігері долларланудың әлі де жоғары, бірақ төмендеп бара жатқан деңгейін шектеуде. Депозиттердің долларлану деңгейінің төмендеуі 2016 жылғы қаңтардағы ең жоғарғы 70%-дан шілденің қорытындысы бойынша 45%-ға дейін 24,5 п.т. құрады», - деп хабарлады Қазақстан Ұлттық Банкінің өкілі.

В.Тутушкин Қазақстанның қазіргі тарихи даму кезеңінде инфляциялық таргеттеу теңгенің еркін өзгермелі айырбастау бағамымен бірге объективті түрде ақша-кредит саясатының анағұрлым қолайлы режимі болып табылатынын атап өтті.

Өз кезегінде, Қазақстан Ұлттық Банкінің Монетарлық операциялар департаментінің директоры Әлия Молдабекова еркін өзгермелі айырбастау бағамының қағидаттарын ұстанудың арқасында теңге құнының ішкі және сыртқы түбегейлі факторларға сәйкес келуі қамтамасыз етілетіндігін атап өтті. Бұл айырбастау бағамының сыртқы күйзелістерді сіңіріп, экономикада теңгерімсіздіктің жинақталмауына мүмкіндік береді. Еркін өзгермелі айырбастау бағамына өту төлем балансындағы ахуалдың жақсаруына мүмкіндік берді. Ағымдағы шот теріс аймақта болғаннан кейін қазір ол іс жүзінде баланста тұр.

«Белгіленген валюта бағамы саясаты сыртқы күйзелістердің әсері нәтижесінде экономикада теңгерімсіздіктерге әкелді. Қазақстан Ұлттық Банкінің халықаралық резервтерді жұмсай отырып, теңгенің айырбастау бағамын қорғауына тура келді, бұл мәжбүрлі түрде девальвацияға әкелді. 2014 және 2015 жылдары өктемдіктер кезінде тиісінше 22 және 17,7 млрд. АҚШ доллары жұмсалды», - деді сөйлеген көзінде Ә. Молдабекова.

Ол қазіргі уақытта теңге бағамының толығымен еркін өзгермелі болып табылатындығын баса айтты. Қазақстанның Ұлттық Банкі өктемдіктер жүргізбейді. Валюта нарығында жүргізілген операциялар бойынша деректер ай сайын жарияланып тұрады. Өзгермелі айырбастау бағамы жағдайында Қазақстанның әлемдік экономикамен ықпалдасуы сыртқы факторларға, оның ішінде дамушы нарықтардан капиталдың әкетілуіне байланысты біршама құбылмалы болды. Дамушы елдерде байқалған валюталардың жалпы әлсіреуі АҚШ-пен дипломатиялық қарым-қатынастың шиеленісуімен, санкциялармен, ФРЖ-ның монетарлық саясатымен түсіндіріледі.

«Қазақстанның Ұлттық Банкі БЖЗҚ мен Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының валюталық операцияларында пассивті рөл атқарады: Ұлттық қордан трансферттер бөлу бойынша өтінімдер түскен жағдайда және теңгемен шотта қаржы жеткіліксіз болған жағдайда Ұлттық Банк Ұлттық қордың валюталық активтерін қайта конвертациялайды. Мұнайдың салыстырмалы түрде жоғары бағасын ескере отырып, 2018 жылы түсімдерде және Ұлттық қордан алынған қаражаттың теңгерімділігі күтіледі. БЖЗҚ-ның валюталық операциялары теңге бағамын белгілеуге айтарлықтай әсер етпейді» - деді Ә. Молдабекова сөзін қорыта келе.

Таныстыру рәсімінен кейін сараптамалық қоғамдастық және БАҚ өкілдерімен пікір алмастырылды, соның барысында қаржы реттеушісінің нарықпен және жұртшылықпен тұрақты байланысын қолдау мақсатында осындай диалог алаңдарын өткізудің маңыздылығы атап өтілді.


Атап айтқанда, қоғам қайраткері Қ. Домбай құбылмалы айырбастау бағамы қазіргі жағдайда ақша-кредит саясатының жалғыз дұрыс режимі болып табылатындығын атап өтті. «Соңғы жылдардағы өзгермелілік халықтың ұлттық валютаға деген сенімінен шықпады. Алайда бұл мәселе реттеушінің экономикалық іс-әрекеттері емес сыртқы саяси ықпалдың факторы» деп атап өтті ол.

Экономист А. Наурызбаев еркін валюта бағамы саясатын қолдайтынын да атап өтті, спикер атап өткендей, Ұлттық Банк теңгемен номинирленген ұзақ мерзімді қаржы құралдарын әзірлеу қажет.


Өз кезегінде, Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының өкілі П. Афанасьев монетарлық және фискалдық саясатты жүргізуге жауапты мемлекеттік органдардың жұмысын тығыз үйлестіру қажеттілігін атап өтті.

ВОЛАТИЛЬНОСТЬ ВАЛЮТ РАЗВИВАЮЩИХСЯ СТРАН

Изменение курсов валют стран к доллару США, %
(с 01.01.18 г по 22.08.18 г)



Изменение курсов валют стран к тенге, %
(с 01.01.18 г по 22.08.18 г)



БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz